



Бекітемін:
№21 «Алпамыс» бөбекжай - балабақшасының
менгерушісі: *Нурмаганбетова*

Вариативтік бөлімнің жылдық жоспары «Өнерлі он саусақ»

«Еркедай» органғы тобы

Тәрбиешілер: Қонысбай Ұлбосын

Тұрғанбай Сабира

«Өнерлі он саусақ» вариативтік бағдарламасына рецензия

«Өнерлі он саусақ» вариативтік бағдарламасы бөбекжайдың ортаңғы тобына арналған 36 сағаттық бағдарлама. Бұл бағдарлама да балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көркем жапсыру, қол еңбегі, бейнелеу өнеріне үйретудің әдістері мен жолдары ұсынылып отыр. Көркемдік тәрбие беруде балалардың эстетикалық сезімдері, көркемдік талғамдары, қоршаған ортаны көркем ой арқылы қабылдау және мінез - құлық мәдениет дағдылары қалыптасады.

Табиғи материалдармен жұмыс жасау-балалардың қиялын дамытуға, шығармашылықпен еңбек етуге ықпалын тигізеді. Өздері жасаған жұмыстарын бір-біріне сыйлық етіп ұсынуға, мерекелерде ата-аналарына, достарына сыйға тартуға, топ бөлмелерін безендіруге қолайлы. Әрі мұндай жұмыстың тәрбиелік мәні зор.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі кезең – жарқын әрі адам өміріндегі қайталанбас кезең. Дәл осы кезеңде балаларда тұрмыстық ортамен, адамдар әлемімен, табиғатпен, заттар әлемімен байланыс жүргізіледі. Білуге құмарлығы дамиды, шығармашылық қызығушылықтары пайда болады. Ең қызықты көркемдік-эстетикалық бағыттың бір түрі қағаздардан бұйымдар құрастыру. Қағазбен жұмыс істеу барысында маңызды білгіштер қасиеттер, сонымен қатар шығармашылық таланттарының іргетасы қаланады.

«Өнерлі он саусақ» вариативтік бағдарламасының бөлімінің мазмұны балаларда қағазбен және табиғи материалдармен жұмыс жасау барысында басқа да іс-әрекеттің түрлерімен байланыс жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды деп болжайды.

Бағдарламаның бөлімдерін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттерді дамытуға қажетті құралдарды тандап алуға, жақсы нәтиже көрсетуге деген талпыныс, меңгерілген қабілеттерді еркін пайдалану, қағаздардан құрастыру арқылы түрлі бұйымдар жасау сияқты қабілеттер пайда болады. Қағаздардан бұйымдар жасаудың ең маңызды мақсатының бірі баланың жеке тұлға болып қалыптасуы, оның икемділігімен шығармашылық қабілеті, зиялылығын дамыту. Шеберлікке үйрету балалардың табиғи өзіндік қабылдауын жоймайды. Қағаздан құрастыру үрдісі арқылы балаларда жалпылай ойлау, көркемдік талғам, жинақылық дамиды. Қағаздан құрастыру іс-әрекеті баланың көңілін шоғырландырады себебі бұйым жасау үрдісінде ойлауға, ауызша түсіндіргенді қабылдауға сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартады. Қағаздан құрастыру барысында балалар бүктеу, кию, желімдеу сияқты жұмыстың түрлерімен танысады. Балаларда қолмен жұмыс жасау, нақты қозғалыстарға саусақтарды үйрету, көз өлшемдерін дамытады. Бұйым жасау үрдісі барысында түс, пішін, көлемдерді бір-бірінен айыра білуге үйренеді. Қағазбен жұмыс жасаудың ең маңызды сәті – балалардың өзіндік шығармашылық іс – әрекетімен байланыстыру. Сонымен бірге дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бүкпесіз, боямсыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, шығармашылық жұмысымыздың арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

«Өнерлі он саусақ» вариативтік бағдарламасының төлқұжаты

1.	Бағдарлама атауы	«Өнерлі он саусақ»
2.	Аннотация	Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.
3.	Мақсаты мен міндеттері	Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру. Міндеттері: • Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машыктандыру. • Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту. • Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету • Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. • Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.
4.	Бағдарламаны іске асыру мерзімі:	2021 жыл қыркүйек – 2022 жыл мамыр.
5.	Бағдарламаны іске асыру кезеңдері	2021 жыл, тамыз – дайындық кезеңі; 2021-2022 ж.ж. - қалыптастыру кезеңі; /практикалық/ 2022 жыл, мамыр – жалпылау кезеңі. /қорытынды/
6.	Қатысушылар	«Еркетай» ортаңғы тобы тәрбиеленушілері.
7.	Күтілетін нәтиже	Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды. Шығармашылық қабілеттері шындалады. Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.
8.	Бағдарламаға жауаптылар	Тәрбиешілер:Қонысбай Ұ,Тұрғанбай С

**«Өнерлі он саусақ» вариативтік бағдарламасының
2021-2022оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты мен міндеті	Әдіс тәсілдер	Уақыты
1	«Алтын күз» Күзгі жапырақтар суретін салғызу	1	Күз мезгілінде түсетін жапырақтарды жайлы түсінік беру.Дәстүрден тыс паролон губкамен суретті бастырып салуды үйрету. Ұсақ қол моторикасын, күз мезгілі туралы білімдерін дамытуары қарай дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Паролонды пайдалану барысында губкамен сары, қызғылт түстерді пайдалану.	07.09.2021
2	«Ағаштың діңі мен бұтақтарын бейнелеу».Саусақпен сурет	1	Ағаш туралы мәлімет бере отырып,саусақпен сурет салу әдісін жалғастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дайын салынған ағаштың бұтақтарын саусақ ізімен сурет салу.	14.09.2021
3	«Қашқаргүл» (астра) Мүсіндеу	1	Балалардыгүлдерментаныстыру. Мүсіндеу арқылыбалалардыңколикемділікте рінарттыру.	Бес саусақ басу арқылы салғызу және қылқалам арқылы толықтыру.	21.09.2021
4	«Алмалар»	1	Күзде пісетін жемістер туралы білімдерін кеңейту, балаларды дәстүрден тыс жапсыру түрі - жырту тәсілімен таныстыру. Желіммен тиянақты жұмыс жасауға үйрету. Шығармашылығын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Сулы майлықты умаждап, жырту.	28.09.2021
5	«Тәрелкедегі қияр мен қызанақтар».	1	Көкөністер туралу білімдерін арттыру. Аппликация дағдыларын қалыптастыру; кеңістікті бағдарлай білуге тәрбиелеу.	Дайын үлгіге қияр мен қызынақтарды кеңістікте орналастыру.	10.10.2021
6	«Шалғындағы саңырауқұлақтар»	1	Балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру. Шығармашылық қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Дайын үлгіге ақ түсті ермексазды пайдалану арқылы әрлеу.	12.10.2021
7	«Жүзім» суретін салу	1	Балаларға жеміс туралы түсінік бере отырып, пайдасы туралы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Мақта таяқшаларды қолану барысында жұмыс жасауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақта таяқшаларын ретімен орналастыра отырып жүзім бейнесін салғызу.	19.10.2021
8	Шарды пайдалана отырып, жұлдызқұрт суретін салғызу.	1	Балаларға шар туралы түсінік бере отырып шардың басқа жеңіл заттардан жеңіл ұшатыны жайлы ойлау қабілеттерін дамыту.Шармен сурет салғызуға үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Шарды шағын көлемде үрлеп алу арқылы ақ парақшаға жұлдызқұрттың суретін салызу.	26.10.2021

9	Картон арқылы шаршы, үшбұрыш салу.	1	Балаларға геометриялық пішіндер туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Картоннан дайын пішіндерді бастыру арқылы сірет салғызу.	02.11.2021
10	«Аққала»жапсыру	1	Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Аққала туралы мәлімет бере отырып қыс ерекшеліктері жайлы ойлау қабілетін дамыту. Шығармашылығын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақта дискілерден көк түсті картонға орналастыру арқылы аққала жасауға үйрету.	09.11.2021
11	«Балапан» мүсіндеу	1	Балаларға уй құстары туралы түсінік беру. Үй құстарының пайдасы туралы толықтыра отырып, ойлау қабілеттерін дамыту.	Дайын үлгіге балапанды сары ермек сазды пайдалану барысында жағу арқылы әдіс тәсілдерін үйрету.	16.11.2021
12	«Әдемі көйлек»	1	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортаңбалармен, қылқаммен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.	Дайын үлгіге саусақпен басу арқылы негізгі түстерді пайдалану.	23.11.2021
13	«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	1	Балаларды алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуге, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Әдемілікке тәрбиелеу.	Дайын ағаш үлгісіне ақ және көк түсті пайдалана отырып саусақпен жауып тұрған ақ қардың ізін түсіру.	30.11.2021
14	Жіппен сурет салу әдісі.	1	Балаларға жіпті көрсете отырып, мәлімет беру. Жіптің пайдасы туралы тусуік бере отырып, қол моторикасын дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу.	Ақ парақ қағаз арасына бояуға батырылған жіп арқылы сурет салуға үйрету	07.12.2021
15	Ермексазбен жемістер мүсіндеу.	1	Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Жемістердің адам ағзасына берер пайдасы туралы айту. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Қызылжәне жасыл түсті пайдалана отырып жемістер мүсіндеу.	14.12.2021
16	Гүлдерді ойыншық шанышқы арқылы сурет салғызу.	1	Балаларға дала және бөлме гүлдері туралы түсінік беру. Гүлдердің түстерін толықтыра отырып, күтіп баптап су құю туралы мәлімет беру. Балалардың гүлге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ойлау дағдысын дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Ойыншық шанышқыны пайдалану барысында гүлдің суретін салғызу.	21.12.2021

17	Манкамен күн сурет салу әдісі.	1	Балаларға манка туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Балаларға ыдысқа салынған манкаға күннің суретін салғызуға үйрету.	28.12.2021
18	Тұзды қамырдан моншақтар жасау.	1	Балаларға ұнды көрсете отырып пайдасын түсіндіру. Зейінін дамыту. Қол моторикасын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Тұзды қамырды дөңгелектеп алақан арасында моншақтар жасап, негізгі түстерге бояу.	11.01.2022
19	Құммен сурет салғызу.	1	Балаларға құм туралы түсінік беру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыпты сурет салуға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.	Алақан басу арқылы сурет салғызу.	18.01.2022
20	Мақта таяқшаларымен аязды өрнектерді салғызу.	1	Балаларға аязды өрнек туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақта таяқшаға пва клейін пайдалану барысында жұмыс жасау.	25.01.2022
21	Қояндарға арналған сәбіз.	1	Қоянның тірлігі туралы балаларға түсінік беру. Сопакша пішінді және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуді үйрету. Ермексазды дұрыс қолдану жолдарын дамыту. Жануарларға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	Ермексазбен түсті таңдай отырып, жұмыс жасау	01.02.2022
22	Алаңқайдағы саңырауқұлақтар.	1	Саңырауқұлақтармен таныстыру, олардың орманда өсетіндігі жайлы түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорларын дамыту. Табиғатқа деген қызығушылықты қалыптастыру, табиғатта жүргенде өздерін ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	Саңырауқұлақ суретін салғызуға үйрету.	08.02.2022
23	Балықтар. мүсіндеу	1	Балық туралы түсінік беру. Балықтың пайдасы туралы айту. Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Ермексазбен балықты мүсіндеу.	15.02.2022
24	Шарлардың суретін салғызу.	1	Шар туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру. Ұқыпты сурет салғызуға үйрету. Шығармашылығын дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу.	Түрлі түсті шарларды файл қалташасына салу арқылы салғызу.	22.02.2022
25	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	1	Балаларға мереке туралы түсінік беру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылыққа тәрбиелеу.	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	02.03.2022
26	Ермексазбен ұсақ	1	Балалардың гүл туралы	Ермексазды ұсақ	

	дөңгелектер жасау арқылы гүлдің суретін салғызу.		түсініктерін жалғастыру. Балалардың зейінін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	дөңгелектерді жасау барысында дайын салынған гүлді және жапырақтарын жасап шығу.	15.03.2022
27	«Тасбақа»	1	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға тәрбиелеу.	Балаларға дайын үлгіні ұсынып, дөңгелек қоңыр түстермен бояту.	29.03.2022
28	Тұзды қамырмен көктемгі ағаш бүршіктерін жасау.	1	Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беру. Табиғатқа деген қызығушылығын арттыра отырып, ойлау қабілетін дамыту. Қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Тұзды қамырды дөңгелектеп пішіндерді, жасау. Жасыл түске келтіру.	05.04.2022
29	Макта таяқшаларымен бейшешек суретін салғызу.	1	Бейшешек туралы түсініктерін жалғастыру. Ұқыпты сурет салуға үйрету. Шығармашылығын дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу.	Таяқшалармен сурет салғызу.	12.04.2022
30	«Бакбак»	1	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бакбактың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	Акварель красканы пайдалана отырып сурет салуды үйрету.	19.04.2022
31	Балауызбен ағаш суретін салғызу.	1	Балаларға ағаштың пайдасы туралы түсінік беру. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Балауызбен сурет салғызу.	24.04.2022
32	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	1	Балаларға жаңбыр жайлы түсінік беру. Ұқыпты сурет салуға үйрету. Табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	03.05.2022
33	Күнбағыс суретін салғызу.	1	Балаларға күнбағыс туралы түсінік беру, күнбағыстың пайдасы туралы айту. Ұқыпты сурет салуға үйрету. Балалардың зейінін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дайын күнбағыс суретіне, балалар кара түсті пайдалана отырып саусақ ұшымен дәндерін салу.	10.05.2022
34	Шалғын шөптер (жапсыру)	1	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сюжетті суреттер. Ақ қағазға жасыл түсті қағазды жұлмалау арқылы жапсыру.	17.05.2022

35	Доптың суретін салғызу.	1	Балаларға доптың қасиеті туралы түсінік беру. Қызығушылығын арттыру. Ұқыпты сурет салуға үйрету. Шығармашылығын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Салынған суретті файлға салып, балалар саусак арқылы бояуды жағу арқылы салдыру.	24.05.
36	Кірпі суретін салғызу.	1	Балаларға кірпі туралы түсінік беру. Ұқыпты сурет салуға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.	Дайын үлгіге кара түсті пайдалану арқылы ойыншық шанышқы арқылы тікенектерін салғызу.	31.05.